QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №40 (2042) 2 ҚАРАША 2026 ЖЫЛ



Президент жолдауы 20 нүктеде тыңдалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауының тікелей көрсетілімі 20 нүктеде ұйымдастырылды.

Университет басшылығы, оқытушы-профессорлық құрам мен білім алушы жастар жолдауды кітапхананың басты фойесінен, 16 факультеттің мәжіліс залдарынан және жатақханалардағы студенттер залынан тыңдады.

Қатысушылар Президент айқындаған басым бағыттар мен саяси реформалардың жаңа бағдарламасын қолдап, ел дамуына қатысты міндеттердің маңыздылығына назар аударды.

Тікелей көрсетілімнен кейін қатысушылар Қасым-Жомарт Кемелұлы көтерген өзекті мәселелерді талқылап, ұсыныс-пікірлерімен бөлісті.

Оқу ордасының ұжымы алда әлеуметтік-экономикалық бағытта атқарылатын іс-шаралардың маңыздылығына мән берді. Жолдауда Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған негізгі міндеттер толығымен қамтылғанын атап өтті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

ТМД ғалымдарының форумы өтті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттер ғалымдарының VI форумында баяндама жасады.

Биыл «Жасанды интеллект дәуіріндегі ғылым: ынтымақтастық пен дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбына арналған шара ҚР Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығына орай ұйымдастырылды.

Халықаралық жиынға ҚР Президенті жанындағы ҰҒА президенті Ақылбек Күрішбаев пен Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және өзге де мемлекеттерден келген ғалымдар, сарапшылар жиналды.

Форумның ашылуында сөз сөйлеген Ақылбек Күрішбаев жасанды интеллектінің дамуы ауқымды деректерді өңдеуді, күрделі үдерістерді модельдеуді және зерттеу гипотезаларын тексеруді жеделдету арқылы ғылыми қызметтің сипатын түбегейлі өзгертіп жатқанын жеткізді.

Ал ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы жолдаған құттықтау хатында: «Ғылыми-технологиялық әлеуеті қаншалықты жоғары болса да, ешбір мемлекет жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жеке-дара толық іске асыра алмайды.

Жалғасы 2-бетте

Ғылыми инновацияларды дамыту жолы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Өзбекстанда өткен Орталық Азияның халықаралық білім беру форумына қатысты.

Форумға білім және ғылым министрлері, жетекші жоғары оқу орындарының басшылары мен халықаралық ұйымдардың өкілдері жиналды. Ауқымды шараға әлемнің түрлі елдерінен 1500 өкіл қатысып, жоғары білім беруді, ғылыми зерттеулер мен инновацияларды дамытудың перспективаларын талқылады.

Пленарлық отырыс аясында Жансейіт Түймебаев «Қазіргі әлем жағдайындағы Орталық Азиядағы білім мен ғылымның трансформациясы» тақырыбында баяндама жасады.

ҚазҰУ ректоры өз сөзінде өңір университеттерінің алдында білім беру үдерісін



ұйымдастыру мен ғылымды дамытуда жаңа тәсілдерді қажет ететін ортақ міндеттер тұрғанын атап өтті.

«Орталық Азияның болашағы тек табиғи ресурстар мен географиялық орналасуға ғана емес, университеттеріміздің білім қалыптастыру, озық технологияларды меңгеру және өңірдің дамуына серпін беретін мамандар даярлау қабілетіне де байланысты», – деді ректор.

Жансейіт Түймебаев жасанды интеллект пен жоғары өнімді есептеу технологиялары саласындағы ҚазҰУ тәжірибесін таныстырды. Атап айтқанда Farabi суперкомпьютерлік орталығының мүмкіндіктері мен оны ғылыми зерттеулерде қолдану бағыттарына тоқталды.

Ұлжалғас ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ

2-бет **Халықаралық жиында бас қосты**



3-бет **Мақсат – өмір сапасын жақсарту**



4-бет **Ғылымда үш саланың негізін қалаған тұлға**



ТМД ғалымдарының форумы өтті



Басы 1-бетте



Зияткерлік, инфрақұрылымдық және зерттеу ресурстарын біріктіру елеулі ғылыми нәтижелерге қол жеткізудің қажетті шартына айналып отыр», – делінген.

Өз кезегінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-да ғылымды трансформациялауда жасанды интеллект пен жоғары өнімді есептеулердің маңызы артып келе жатқанын айтты. Ректор аталған жұмыс төрт бағыт бойынша жүргізілетінін жеткізді. Атап айтқанда: суперкомпьютерлік есептеулер, жаңа технологиялар мен модельдер әзірлеу, цифрлық шешімдерді басқару және ғылымды деректер негізінде талдау.

«ҚазҰУ-дағы Суперкомпьютер орталығы ауа райын болжау, сейсмикалық тәуекелдерді бағалау, геоаналитика және тілдік модельдерді дамыту секілді міндеттерге қолданылады. Университет «Қазгидрометпен», Бас прокуратурамен және Қытай ғылым академиясымен бірлесіп есептеу мен зерттеу жобаларын жүзеге асырып келеді», – деді ректор.

Өз сөзінде ЖОО басшысы «AI-Sana» бағдарламасы бойынша 17 687 тыңдаушы сертификат алып, жасанды интеллектіні қолдану бойынша білімін жетілдіргенін алға тартты.

«Зерттеушілердің жұмысын жеңілдету үшін университетте Farabi Scholar, ScreenFlow, Norma Flow және Horizon сияқты арнайы ЖИ платформалары мен агенттері іске қосылды. Арнайы әзірленген Norma Flow жүйесі гранттық қаржыландыру мен коммерцияландыруға арналған күрделі ғылыми құжаттарды дайындауды оңтайландырады. ScreenFlow платформасы өтінімдерді қабылдау, сараптамалық бағалау және нәтижелерді салыстыру процестерін автоматтандыруға көмектеседі. Ал Farabi Inference Gateway білім ордасындағы барлық ЖИ модельдеріне қолжетімділікті қауіпсіз басқарып, деректерді өңдеуді қамтамасыз етеді», – деді Жансейіт Түймебаев.

Шарада отандық және шетелдік ғалымдар мен сарапшылар сөз сөйлеп, жасанды интеллектіні ғылым мен өндіріске енгізудің маңыздылығын талқылады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Халықаралық жиында бас қосты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ТМД-ға мүше мемлекеттердің өкілдері бас қосты. Халықаралық жиынға ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, сондай-ақ Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және басқа да елдерден келген жетекші ғалымдар, жоғары оқу орындарының басшылары мен сарапшылар қатысты.



Оқу ордасында тұрақты даму, әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарына жасанды интеллект технологияларын енгізу мәселесіне арналған секциялық отырыстар өтті.

Шарада Жансейіт Түймебаев мұндай халықаралық кездесулердің ғылыми қауымдастық арасындағы байланысты тереңдетіп, жаңа бастамалар мен ортақ жобалардың жүзеге асуына жол ашатынын атап өтті. Университет басшысы шетелдік ғалымдарды ҚазҰУ студенттерімен кездесіп, арнайы көшбасшылық дәрістер өткізуге шақырды. Ректордың айтуынша, халықаралық деңгейдегі ғалымдардың тәжірибесі мен ғылыми көзқарасы жас ұрпақтың кәсіби қалыптасуына, зерттеушілік әлеуеті мен дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді.

Сондай-ақ секциялық отырыста Беларусь Ұлттық ғылым академиясының бас ғылыми хатшысы Василий Гурский жасанды интеллект агенттерінің құқықтық мәртебесі мен жауапкершілігі мәселесіне тоқталды.

Өз кезегінде Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті ректорының кеңесшісі Музарбек Жолошев халықаралық саудадағы деректер алмасу мәселесіне тоқталып, жасанды интеллект негізінде бірыңғай сараптамалық платформа құру бастамасын таныстырды.

Форумға қатысушылар ТМД елдері арасындағы ғылыми ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерудің маңыздылығын алға тартып, ғалымдардың өзара байланысын жүйелі түрде дамыту қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар ғылыми әлеуетті біріктіру, бірлескен зерттеулер жүргізу, тәжірибе алмасу және ортақ ғылыми жобаларды іске асыру бағытында ынтымақтастық орнатуға мүдделі екендіктерін білдірді.

Шарадан соң делегация мүшелері ҚазҰУ базасындағы орталықтарды аралап, университет ғалымдары жүзеге асырып жатқан инновациялық жобалармен танысты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Өзбекстанның жетекші университеттерімен келісім жасалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Өзбекстанға жұмыс сапары аясында жергілікті төрт жоғары оқу орнымен ынтымақтастық меморандумдарына қол қойды.









Уағдаластықтар академиялық ұтқырлықты кеңейтуге, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және инновациялық білім беру жобаларын жүзеге асыруға бағытталған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаңа серіктестері қатарына Бұхара мемлекеттік университеті, Ферғана мемлекеттік университеті, Нөкіс мемлекеттік техникалық университеті және Өзбекстан журналистика және бұқаралық коммуникациялар университеті енді.

Бұхара мемлекеттік университетімен жасалған меморандум ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықты дамыту, бірлескен зерттеулер жүргізу, сондай-ақ халықаралық конференциялар мен семинарлар ұйымдастыруды көздейді.

Ферғана мемлекеттік университетімен келісім аясында бірлескен ғылыми және инновациялық жобаларды жүзеге асыру, оқытушылар мен студенттер алмасу, сондай-ақ бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу жоспарланған. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – қосдипломды білім беру бағдарламаларын дамыту. Бұл бастама студенттердің академиялық мүмкіндіктерін кеңейтіп, халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Нөкіс мемлекеттік техникалық университетімен жасалған ынтымақтастық туралы меморандум білім беру және ғылым салаларындағы өзара байланысты кеңейтуді, зерттеулер мен технологиялар бағытындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруды қарастырады.

Ал Өзбекстан журналистика және бұқаралық коммуникациялар университетімен серіктестік медиа саласындағы бірлескен ғылыми іс-шаралар өткізуді, зерттеулер жүргізуді және мақалалар жариялауды қамтиды.

Ұлжалғас ӨТЕБАЕВА

Мақсат – өмір сапасын жақсарту

Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында көтерілген цифрлық трансформация, жасанды интеллектіні дамыту және экономиканың технологиялық әлеуетін арттыру мәселелері еліміздің алдағы даму бағдарымен тікелей байланысты.

– Кедендік және логистика салаларын цифрландыру. Бұл саланы цифрландыру және ашық жасаудың еліміздің экономикасына тигізер пайдасы зор. Біріншіден, көлеңкеде қалған біршама кіріс көздерін анықтау. Екіншіден, ішкі өндірістік компаниялардың құқығын және бәсекелестігін қорғау. Үшіншіден, шынайы ақпарат алу нәтижесінде алдағы мүмкіндіктер мен тәуекелдерді болжау.

– Геологиялақ мәліметтерді цифрландыру. Пайдалы қазба байлықтарды бақылауға алу, оның мемлекеттің қазынасына тікелей түсуі сияқты мәселелерді шешеді. Инвестициялық тартымдылықты күшейтеді және жалпы инвестиция саласын ретке келтіріп, орталықтандыру мәселесін де Мемлекет басшысы атап өтті. Себебі қазір өзара байланыспайтын бірдей құзыретке ие мемлекеттік органдар болуы инвесторлардың дұрыс емес ақпарат алып, алданып қалу тәуекелдері көп.

– Цифрлық экономиканы жүзеге асыру үшін цифрлық ресурстардың жеткілікті болуы. Әр салада жеткілікті ресурстар болуы және ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды. Бұл салада ҚазҰУ өзінің суперкомпьютер базасында бірнеше мемлекетке маңызды тапсырмаларды орындауда.

– Цифрлық кадрлар даярлау. Студенттерді жасанды интеллект, бағдарламалау, деректерді талдау, робототехника және киберқауіпсіздік бағыттарында практикалық құзыреттерге баулу. Университет пен жұмыс берушілер арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеру.

– Ғылымды коммерцияландыру. Зерттеу нәтижелерін патенттерге, стартаптарға, өндірістік технологияларға және нарықта сұранысқа ие өнімдерге жеткізу. Ғылымның тиімділігі жарияланымдармен ғана емес, оның экономикаға қосқан үлесімен де бағалануы керек.

Қазақстанның цифрлық болашағы – бүгінгі ғылым мен білімге салынған инвестицияның нәтижесі. Ал сол инвестицияны нақты экономикалық жетістікке айналдыру – университеттер мен ғылыми қауымдастықтың ортақ міндеті.

Марғұлан ИБРАИМОВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына жолдауының бірінші бөлімінде Президент Қазақстан дамуының қарқынды болуы үшін, сонымен бірге ел игілігін арттыру үшін «Халықтық құрылыс» басталатынын ерекше атап өтті.



Жүк тасымалы саласында тәртіп орнату міндеті қойылды

Елді мекендерге газ бен ауызсу тартылып, өңірлерде ауруханалар, мектептер, спорт және мәдениет нысандары салынады, ал инженерлік инфрақұрылымға 2029 жылға дейін Ұлттық қордан 6,5 триллион теңге бөлінеді. Бұл жерде құқықтық тұрғыдан маңызды бір талапқа тоқталғым келеді: Президент Ұлттық қор арқылы импортты қаржыландыруға жол берілмейтінін, құрылыс материалдары өз елімізде өндірілуі керек екенін айтты. Бұл – бюджеттік заңнама мен мемлекеттік сатып алу саласына тікелей қатысты мәселе. Ұлттық қор қаражатының мақсатты жұмсалуы, сатып алудың ашықтығы және құрылыс сапасына жауапкершілік нақты құқықтық тетіктермен қамтамасыз етілмесе, мұндай ауқымды бағдарлама өз мақсатына жете алмайды.

Сонымен бірге Президент Қазақстанның транспорттық хабқа, яғни «Еуразиялық транспорттық хабқа» айналуына ерекше назар аударып, бұл бағытқа мән беруді Үкіметтен талап етті. Отандық логистикалық операторларды дамыту, жүк тасымалы саласында тәртіп орнату міндеті қойылды. Біз үшін әсіресе мына жайт маңызды болды: жолдарға қатысты жауапкершілікті ведомстволар бір-біріне ысыра беруге шек қойылып, барлық жолдар Көлік министрлігіне берілді. Әкімшілік құқық тұрғысынан бұл – мемлекеттік органдардың құзыретін нақты бөлу мәселесі. Жауапты орган анық болғанда ғана лауазымды тұлғалардан нақты жауапкершілік талап етуге болады.

Ербол ӘЛІМҚҰЛОВ,
Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының профессоры

Жасанды интеллект – өркендеу мүмкіндігі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты жолдауында жасанды интеллектіге негізделген цифрлық экономика құру қажеттігін атап өтті. Бұл – елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, өскелең ұрпаққа жаңа мүмкіндіктер ашатын маңызды бағыт.

Цифрландырудың нәтижесі азаматтардың уақытын үнемдеуден, қызметтердің қолжетімділігінен және өндіріс тиімділігінен көрінуі тиіс. Жасанды интеллект мемлекеттік басқаруда деректерді талдауға, ресурстарды ұтымды жоспарлауға және бюджет қаражатының тиімді жұмсалуына ықпал ете алады.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда білім беру жүйесінің орны ерекше. Жастарды технологияны жауапкершілікпен қолдануға, ақпаратты тексеруге, сыни ойлауға және академиялық адалдықты сақтауға үйрету қажет. Жоғары оқу орындары оқу бағдарламаларын жетілдіріп, оқытушылардың біліктілігін арттыру және тәжірибелік жобаларды дамыту арқылы бұл іске үлес қоса алады.

Қазақстан үшін қазақ тіліндегі жасанды интеллект құралдарын әзірлеу де маңызды. Мәтін мен сөйлеуді тану, сапалы аударма жасау және білім беру контентін дайындау ұлттық цифрлық ортаның дамуына жол ашады. Бұл бағытта зерттеушілердің, педагогтер мен бағдарламашылардың бірлескен жұмысы қажет.

Цифрлық жаңғыру барысында интернеттің қолжетімділігіне, азаматтардың цифрлық сауатына және дербес деректердің қорғалуына басымдық берілуі тиіс. Қазақстанның технологиялық дамуы білімді, жауапты әрі жаңашыл мамандарға байланысты. Сондықтан жасанды интеллект пен цифрлық инновацияларды дамытудың басты мақсаты – халықтың өмір сапасын жақсарту және елдің тұрақты ілгерілеуіне жағдай жасау.

Еркегүл БЕЙБІТХАН,
ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің аға оқытушысы

Президент жолдауы туризмге не береді?

Мемлекет басшысының жолдауын басынан аяғына дейін мұқият тыңдадым.

Шынымды айтсам, «туризм» деген сөзді күтіп отырдым. Былтырғы жолдауда бұл салаға жеке тоқталған еді. Биыл бұл сөз мүлде айтылмады. Алғашында сәл өкіндім. Бірақ мәтінді қайта оқып шыққанда ойым өзгерді: туризм туралы тікелей сөз болмаса да, салаға ең қажетті нәрсе – іргетас туралы айтылды.

Ойлап қараңызшы. Табиғаты ғажап өлке көп, бірақ оған жету қиын: жолы сапасыз, әуежайы жоқ, шекарада сағаттап кезек. Мұндай жерге турист келмейді. Біз, сала мамандары, мұны жақсы білеміз.

Жолдаудан мені қуантқан бірнеше жайт:

Келесі жылы барлық автомобиль өткізу пункттерін қайта жаңарту аяқталуы тиіс. Көршілес елдерден келетін туристердің басым бөлігі жермен келеді, сондықтан бұл – үлкен қадам.

Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі әуежайлары жақында іске қосылады. Шығыстың таулы өлкесі мен Каспий жағалауына жол ашылады деген сөз.

Әр ірі қаланың даму жоспары мен цифрлық сыңары болуы керек. Қала қауіпсіз, жайлы, көрікті болса, қонақ та көп келеді.

«Халықтық құрылыс» бағдарламасына 2029 жылға дейін шамамен 6,5 трлн теңге бөлінеді, ал 2027 жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялау ұсынылды.

Шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий енгізу ұсынылды. Қонақүйлер, гостхаустар мен туроператорлардың көбі дәл осы шағын бизнес болып табылатыны сөзсіз.

Руслан БАЙБӨРИЕВ,
Рекреациялық география және туризм кафедрасының меңгерушісі

Ғылымда үш саланың негізін қалаған тұлға



Есімі әлемге әйгілі философ, елімізде фарабитану және қазақстандық философиялық мектептің негізін салушылардың бірі, кемел ұстаз, талантты ғалым, педагог, философия ғылымының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ағын Қасымжанов 1931 жылы 19 қазанда Алматы қаласында дүниеге келді. ҚазҰУ-дың философия факультетінің 1949-54 оқу жылдарындағы алғашқы түлегі. Ал 1954-57 жылдары сол факультеттің аспирантурасында оқыды.

Ағын Хайроллаұлы тұңғыш рет әл-Фараби мұраларын зерттеу мақсатында ғалымдардың үлкен тобын құрайды, сондай-ақ көптеген іргелі еңбектері жарық көреді. «Философия тарихы және Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойлар» бөлімі жанынан құрылған топқа жетекшілік етіп, бұл шығармашылық ғылыми топқа алғашқыда арабтанушы Ильяс Омар Мұхаммед (Иран), еуропа тілдерінің маманы Б.Ошерович, шығыс математикасының маманы А.Көбесов, кейіннен келіп қосылған арабтанушылар А.Иванов, К.Таджикова, Н.Караев, әуел баста байланыста болған мәскеулік атақты арабтанушылар Б.Ғафуров, А.Сагадеев кірген болатын. Осы ғылыми шығармашылық топтың арқасында ұлы ғұлама философ әл-Фарабидің шығармашылығы, қолжазбаларымен мұқият танысуға зерделі зерттеулер басталып кетті. Алғаш рет әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», сондай-ақ («Комментарии аль-Фараби к «Алмагесту» Птоломея»), «Птоломейдің «Алмагесіне» әл-Фарабидің түсініктемесі» атты шығармалары қазақ-орыс тілдерінде жарық көрді. Ағын Қасымжанов бастаған ғылыми топтың орасан зор ғылыми ізденістерінің арқасында әл-Фарабидің 30-ға жуық ғылыми еңбегі жарыққа шығып, қалың оқырманға танымал болды. Осы аудармалардың арқасында әл-Фарабидің еңбектері ғылыми-көпшілік оқырмандарға жетіп, оларға барлық жерде сілтемелер жасалына бастады.

А.Қасымжановтың ұйымдастыруымен 1975 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған үлкен халықаралық ғылыми конференция Мәскеу, Алматы, Бағдад қалаларында болып өтті. Сөйтіп, Алматы аз уақыттың ішінде әл-Фараби мұраларын зерттеудің ғылыми беделі мен ұйымдастырушылық қабілеті тек Қазақстанда емес, шетел ғалымдары арасында да кеңінен танымал болды. 1975 жылы Мәскеу қаласында белгілі шығыстанушы ғалым Б.Ғафуров пен А.Қасымжановтың орыс тілінде шыққан «Әл-Фараби мәдениет тарихында» атты кітабы араб-мұсылман философиясымен шұғылданушы ғалымдар арасында үлкен оқиға болды.

1976-77 жылдары А.Қасымжанов Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың философия-экономика факультетінің деканы, ал 1977-83 жылдар аралығында ҚазМУ жанындағы Жоғары оқу орындары оқытушыларының білімін жетілдіру институтының директоры, 1983-86 жж. ҚазМУ-дың Философия тарихы кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1987-93 жж. Алматы зооветеринарлық институты Философия кафедрасында профессор болып жұмыс істеді. 1990 жылдардың басында А.Қасымжановтың өте мазмұнды отандық мәдениетті оқып үйренуге арналған «Қазақ халқының рухани мұралары» атты кітабы жарық көріп, оқырмандар арасында жоғары бағаға ие болды. Бұл жұмыс кейінгі жылдары да өзінің жалғасын тауып, 1994 жылы «Қазақ», 1995 жылы «Портреттер: дала тарихына штрихтар», 1998 жылы «Кошо-Цайдама стеллалары» атты кітаптары ғылыми көпшілік оқырмандар арасында үлкен бір қызығушылық танытты.

Ағын ұстаздың лекция оқуы ерекше болатын. Бір жапырақ қағазға дәрістің сұлбасын неше түрлі сызықтар, өзіне ғана түсінікті атаулар, анықтамалар және кемеңгер ойшылдар есімдерімен жазып, белгілер қоятын. Соған қарап отырып кемелденген, дәлелденген, логикалық қайшылықсыз көркемделген дәріс үлгісін көрсетуші еді. Біз ұстаздың осындай қасиеттеріне әлі күнге дейін еліктейміз.

Проблемалық лекцияларға көп көңіл бөлетін. Басты назар күрделі теориялық мәселелерге аударылып, пікірталас тудыратын сұрақтар қойылады. Олардың ішінен біреуін таңдау талап етіліп, студенттердің өзіндік пікір қалыптастыруына жол беріледі. Бұл әдіс студенттерді проблемалық сұранысқа жауап іздеуге ынталандырып, зерттеу жұмысына баулиды. «Проблемалық мәселені оқудың өзінен емес, практикалық өрістен, студенттердің мамандық ауқымына жақын әлеуметтік ортадан іздеген жөн» дейтін.

1993 жылы А.Қасымжанов ҚазҰУ-дың жанында Әл-Фараби ғылыми орталығын құрып, соның директорлық қызметін атқарды. Қазір оның әл-Фарабиге арналған 4 монографиясы, 10 кітапшасы, 30-дан аса ғылыми мақалалары бар.

1996-97 жж. А.Қасымжанов

Ағын Қасымжанов ғылымда үш саланың негізін қалады. Біріншісі – таным теориясы, оған арналған монографиялар бар. Екіншісі – әл-Фараби мұрасын зерттеп, фарабитану ілімінің іргесін анықтап, басты мақсаттарын белгіледі. Үшіншісі – қазақ дүниетанымын, философиясын тарихи-методологиялық ауқымда зерттеп, артында ұшан-теңіз идеялық мұра қалдырды.

Фулбрайт қорының стипендиясымен АҚШ-қа, Оклохома мемлекеттік университетіне лекция оқуға арнайы шақырылады. Осы университет студенттері мен оқытушыларына А.Қасымжанов «Дала өркениеті», «Орталық Азия мәдениетіне кіріспе» тақырыбында лекциялар оқыды. Оклохома университетінде А.Қасымжановтың оқыған дәрістерінің тақырыбы «Түркі халықтары мен Түркістанның бірлігі», «Орталық Азияның саяси дәстүрлерінің ежелгі тамырлары», «Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы адамшылық бастаулары» болды. Осы жылдары ғалым қазақ мәдениеті мен философиясын, әл-Фараби мұраларын Оклохома университетінің профессорлары мен студент, магистрант-докторанттары арасында кеңінен хабардар етті.

Осы университеттің белгілі профессоры Кит Триббл А.Қасымжанов оқыған лекцияларды ағылшын тіліне аударып, үлкен кітап етіп басып шығарды. Қазір ол университет студенттеріне кеңінен танымал болып отыр.

Ағын Хайроллаұлы 1994 жылдан ғұмырының соңына дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде Философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының жетекшілік қызметін атқарды.

2000 жылы қараша айының 2-жұлдызында үлкен ғалым, ойшыл, философ, ұстаз Ағын Қасымжанов өмірден өтті. Ғалымның құрметіне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ А.Қасымжановтың 70 жылдығына орай, 2001 жылы Алматы қаласында «XXI ғасыр – ұлы дәстүрлерді түсіну уақыты» атты үлкен ғылыми халықаралық конференция ұйымдастырды. Бұл ғылыми форумға АҚШ, Мажарстан, Испания, Иран, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан т.б. елдердің ғалымдары қатысты.

2003 жылдан бастап менің ұйымдастыруыммен «Қасымжанов оқулары» атты халықаралық ғылыми конференцияны өткізуді дәстүрге айналдырдық. Конференция тұрақты түрде ұлы философтың туған күніне орайластырылып, екі жылда бір рет өткізіліп келеді.

А.Қасымжановтың еңбектері қазақ, орыс тілдерінде, сондай-ақ ағылшын, араб, поляк, португал, фин, француз, чех тілдерінде жарық көрді. Оның негізгі еңбектері Одақтың «Мысль», «Наука», «Политиздат», «Прогресс» атты баспаларында кең көлемде жарық көрді.

Ағын Хайроллаұлының негізгі философиялық еңбектері: «Проблема совпадения диалектики» 1966, «Как читать и изучать Философские тетради В.И.Ленина» Мәскеу 1968, «Круги в познании» Алматы, 1975, (А.Келбұғанов, К.Сатыбалдина), «К вопросу о диалектике», «Качество», «Философиялық энциклопедияда» 2 томдық... 1962, Қазақ совет энциклопедисында 1972 ж. қазақ тілінде, «Араб философиясы», «Әл-Фараби», «Голландия философиясы», «Гуссерль», «Ғалым» т.б. Б.Ғафуров, А.Қасымжанов «Аль-Фараби в истории культуры» М, 1975, «О культуре мышления» (А.Кельбуганов авторлықта), «Очарование знания» (Д.М.Мажиденова) А., 1997 ж. «Эстетические взгляды аль-Фараби» М, 1997 ж.

А.Қасымжановтың тікелей ғылыми жетекшілігімен әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», «Коментарии аль-Фараби к «Алмагесту» Птоломея» сынды бірнеше шығармалары қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді.

1982 жылы Мәскеу қаласында «Мысль» баспасынан А.Қасымжановтың «Аль-Фараби» атты кітабы 50 мың тиражбен басылып, көпшілікке кеңінен танымал болды. Кейіннен бұл кітап 1997 жылы «Қазақ университеті» баспасынан қайта жарық көрді.

«Қазақ» 1994 ж., «Портреты: штрихы к истории степи» кітаптары 1995-97 жж. қазақ, орыс тілдерінде жарық көреді. «Стеллы Коша-Цайдам» 1998 ж., «Портреты, степь глазами извне: от Геродота – до Гумбольда» 2001 ж., ең соңғы кітабы «Пространство и время великих традиций» 2001 ж. жарық көрді.

«Қасымжановтың ғылыми-теориялық еңбектері XX ғасырдағы бүкіл қазақ философиялық дәстүрінің шағын «көшірмесі» немесе сығымдалған теориялық аспектісі болып табылатыны – қазіргі кезде өте анық біліне бастады. Бұл – аса талантты философтардың еңбектері «өз уақытының квинтэссециясы» ғана болып қалмай, философиялық ілімнің болашақ даму тенденцияларын да айқындайтын ақиқат. Ал Ағын Қасымжанов өткен ғасырда өзімен қатарлас еңбек еткен әріптестері Ж.Әбділдин, М.Баканидзе, М.Орынбеков, О.Сегізбаев, Ә.Нысанбаев және басқа да философтардың «жұлдызды шоғырымен» қатарласа жұмыс істей отырып, өз талантының арқасында алдымен кеңестік, одан кейін әлемдік философиялық ортадан орнын таба білді», – деп жазады Қасымжановтың талантты ізбасарларының бірі, философ Аманжол Қасабек.

Ағын Хайроллаұлының ғұмырының жарты ғасырдан астам кезеңі Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында өтті. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінде А.Қасымжанов атындағы аудитория бар. Бұл кемеңгер ғалым, талантты философ, ұстаз, профессорға көрсетілген үлкен құрмет деп білеміз. А.Қасымжанов негізін қалаған Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы фарабитану саласындағы жұмыстарын қазіргі таңда да жалғастырып келеді.

Ағын Қасымжанов ғылымда үш саланың негізін қалады. Біріншісі – таным теориясы, оған арналған монографиялар бар. Екіншісі – әл-Фараби мұрасын зерттеп, фарабитану ілімінің іргесін анықтап, басты мақсаттарын белгіледі. Үшіншісі – қазақ дүниетанымын, философиясын тарихи-методологиялық ауқымда зерттеп, артында ұшан-теңіз идеялық мұра қалдырды.

Ұстаздығы үздік, үлгілік қасиеттері мол, еркін ой, еркін қимыл иесі, абзал аға Ағын Қасымжановтың философиялық мектебінің түлектері еліміз бен әлемнің түкпір-түкпірлерінде қызмет істеуде. Оның дарынды шәкірттері көп болды, солардың бірі болашағынан көп үміт күттірген, керемет талантты ғалым, дүниеден мезгілсіз озған Ақылбек Келбұғанов сол кездің өзінде ұлтымыздың мақтанышына айналып үлгерген болатын.

Ұлағаты мол ұстаз Ағын Қасымжановтың еңбектері қазақ руханияты жадында уақыт өткен сайын жаңғыра түсетініне үмітім мен сенімім мол.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
Философия кафедрасының профессоры

Экономика ғылымына қосылған өлшеусіз үлес



Адам өміріндегі ең қастерлі құндылықтардың бірі – білім мен ғылымға адал қызмет ету. Ұстаздық жолды өмірлік мұрат етіп, талай шәкірттің кәсіби қалыптасуына ықпал ету – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін абыройлы міндет. 45 жылдық педагогикалық еңбек өтілі бар, экономика ғылымының докторы, профессор Мәдина Төлегенованың өмір жолы – осы ұстанымдардың жарқын көрінісі.

Мәдина Сәкенқызының өмірі мен еңбек жолы отандық жоғары білім беру жүйесінің даму кезеңдерімен тығыз байланысты. Ол кәсіби қызметін экономикалық білім мен ғылыми ізденіске арнап, университет қабырғасында ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Осы уақыт ішінде білім беру мен ғылымның өзара сабақтастығын сақтап, экономикалық ойдың дамуына және жас мамандардың қалыптасуына үлес қосты.

Мәдина Сәкенқызының кәсіби жолы экономикалық білімге деген қызығушылық пен ғылымға деген адалдықтан бастау алады. Ол жоғары білімді Алматы халық шаруашылығы институтында алып, кейін ғылыми-зерттеу саласына бет бұрды. 1980 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, университетте оқытушылық қызметін жалғастырды. Ғылыми ортаның қалыптасқан дәстүрі мен тәжірибелі ғалымдардың тәлім-тәрбиесі оның зерттеушілік қабілетін шыңдауға ықпал етті.

Профессордың ғылыми қызметіндегі елеулі жетістіктердің бірі – 2004 жылы докторлық диссертациясын қорғауы. Оның зерттеулері қаржы капиталының қалыптасуы, экономикалық даму, инвестициялық үдерістер және еңбек қатынастары секілді өзекті мәселелерді қамтиды. Ғалымның 100-ден астам ғылыми еңбегі жарияланып, олардың қатарын монографиялар, оқу құралдары мен ғылыми мақалалар толықтырды. Бұл еңбектер экономикалық құбылыстарды терең түсінуге және олардың қоғам дамуындағы рөлін бағалауға бағытталған.

Мәдина Сәкенқызының қызметі ғылыми зерттеулермен ғана шектелмейді. Ол жоғары білім беру жүйесін жетілдіруге, экономикалық пәндерді оқыту әдістемесін дамытуға және студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін қалыптастыруға айрықша көңіл бөлді. 2002-2009 жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, ұжымның ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарына жетекшілік етті. Оның дәрістері мен оқу курстары болашақ мамандардың экономикалық сауаттылығын арттыруға, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруына мүмкіндік берді.

Ғылыми мұраның жалғастығы шәкірттердің жетістігімен өлшенеді. Профессордың жетекшілігімен әр жылдары докторлық, кандидаттық және PhD диссертациялары қорғалып, жас зерттеушілер ғылыми дәрежелерге ие болды. Ол ғылыми жұмыстың сапасына, деректерді дұрыс талдауға және тұжырымдарды дәлелді негіздеуге мән беріп, ізденушілердің кәсіби қалыптасуына қолдау көрсетті. Осылайша оның ұстаздық қызметі жаңа буын ғалымдарының дамуына ықпал етті.

Ғалымның ғылыми ізденістерінің маңызды бағыты – қаржы капиталының қалыптасуы мен дамуы, экономикалық жүйелердің трансформациясы және әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері. 2004 жылы «Посткеңестік экономикадағы қаржы капиталының қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертация қорғауы оның ғылыми қызметіндегі елеулі белес болды.

Мәдина Сәкенқызының педагогикалық қызметі де ерекше құрметке лайық. Ол студенттерге дәріс оқып қана қоймай, олардың экономикалық құбылыстарды терең түсінуіне, ғылыми тұрғыдан ойлауына және кәсіби көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Кафедра меңгерушісі қызметін атқара жүріп, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстардың ұйымдастырылуына басшылық жасады. Бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде жиырмадан астам пән бойынша сабақ беріп, бірнеше буын экономист мамандардың білім алуына үлес қосты.

Нағыз ұстаздың еңбегі шәкірттерінің жетістігімен бағаланады. Профессордың ғылыми жетекшілігімен екі экономика ғылымының докторы, бес экономика ғылымының кандидаты және үш PhD докторы диссертацияларын сәтті қорғаған. Бұл көрсеткіш оның жас зерттеушілерді тәрбиелеудегі тәжірибесін, ғылыми жетекшілік қабілетін және академиялық дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз етуге қосқан үлесін айғақтайды.

Ғалымның халықаралық тәжірибесі де оның кәсіби дамуының маңызды бөлігіне айналды. АҚШ, Канада, Түркия және Ұлыбританияда өткен білім жетілдіру бағдарламаларына қатысып, заманауи білім беру тәсілдерімен танысты. Сонымен бірге Қазақстанның инновациялық дамуы, цифрлық экономика, әлеуметтік-еңбек қатынастары және демографиялық өзгерістер мәселелеріне арналған жобалар мен ғылыми кездесулерге атсалысты.

Мәдина Сәкенқызының еңбегі мемлекеттік деңгейде де мойындалды. 2007 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантына ие болуы оның кәсіби біліктілігі мен білім беру саласындағы қызметіне берілген жоғары бағаның көрінісі болды.

Профессордың өмір жолы – ізденістің, жауапкершіліктің және білімге қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның ғылымды дамытуға, университеттегі білім беру сапасын арттыруға және жас мамандарды тәрбиелеуге қосқан үлесі ерекше маңызға ие. Осындай тұлғалардың еңбегі арқылы ғылыми дәстүр жалғасып, жаңа идеялар мен зерттеулерге жол ашылады.

45 жылдық педагогикалық еңбек жолы – білім мен ғылымға деген адалдықтың, кәсіби жауапкершіліктің және ұстаздық борышқа беріктіктің айғағы. Мәдина Сәкенқызының өмір жолы жас мамандарға табандылықты, ізденісті және өз ісіне деген сүйіспеншілікті үлгі етеді.

Ғылым мен білім жолында атқарған еңбегіңіз әрдайым лайықты бағаланып, шәкірттеріңіздің құрметі мен ізгі ықыласына бөлене беріңіз.

Гүлмира КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ,
Гүлия КЕНЖЕБЕККЫЗЫ,
Экономика және бизнес жоғары мектебі Экономика кафедрасының оқытушы-профессорлары

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде студенттердің білім сапасын бағалау, академиялық жетістіктерін саралау және кәсіби дамуына бағыт-бағдар беру маңызды міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, GPA көрсеткішінің студенттің оқу үлгерімін бағалауда маңызы ерекше. Сондықтан студенттерге GPA жүйесінің мәнін, оның есептелу тәртібін және болашақ білім алу мүмкіндіктеріне ықпалын түсіндіру маңызды.

GPA – студент жетістігінің көрсеткіші



Осы мақсатта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінде білім алатын 2-курс студенттеріне GPA көрсеткіштерін түсіндіруге арналған семинар ұйымдастырылды. Семинарға Жалпы және бейорганиалық химия кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, доцент Оксана Пономаренко қатысып, студенттерге GPA ұғымы, оның академиялық үлгерімді бағалаудағы маңызы және білім алушының жеке жауапкершілігімен байланысы туралы түсінік берілді.

GPA (Grade Point Average) – студенттің белгілі бір оқу кезеңіндегі немесе бүкіл оқу мерзіміндегі академиялық үлгерімінің орташа көрсеткішін білдіреді. Ол пәндер бойынша алынған бағалар мен сол пәндердің кредиттерін ескере отырып есептеледі. GPA студенттің оқу нәтижелерін жүйелі түрде бағалауға, білім сапасын бақылауға және академиялық жетістіктерін талдауға мүмкіндік береді. Есептеу шкаласы мен ең жоғары көрсеткіш оқу орнының академиялық саясатына сәйкес белгіленеді.

Семинар барысында GPA көрсеткішінің студенттің оқу траекториясына әсері жан-жақты түсіндірілді. Атап айтқанда GPA деңгейі академиялық стипендия тағайындау, келесі курсқа көшу, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу және магистратураға түсу кезінде ескерілуі мүмкін екені айтылды. Дегенмен әрбір мүмкіндікке қойылатын талаптар нақты оқу орнының ережелері мен тиісті бағдарламалардың шарттарына байланысты болады.

Сонымен қатар студенттерге жоғары GPA көрсеткішіне қол жеткізу үшін оқу үдерісіне жүйелі қатысу, сабақтарды уақтылы орындау, аралық бақылауларға жауапкершілікпен дайындалу және пәндер бойынша жинаған ұпайларын үнемі қадағалап отыру қажеттігі түсіндірілді. Әрбір пәннің қорытынды бағасы жалпы академиялық нәтижеге әсер ететіндіктен, оқу жылының басынан бастап жоспарлы жұмыс жүргізудің маңызы атап өтілді.

Семинардың маңызды тұстарының бірі – студенттердің өз оқу нәтижелеріне саналы көзқарасын қалыптастыру. GPA көрсеткіші тек сандық баға ғана емес, сонымен бірге студенттің білім алуға деген ынтасын, уақытты тиімді пайдалануын және алға қойған мақсатына жету жолындағы табандылығын бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіш ретінде қарастырылды. Сондай-ақ студенттерге академиялық үлгерімді жақсартудың нақты жолдары ұсынылды. Олардың қатарында жеке оқу жоспарын құру, тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындау, оқытушылардан кеңес алу, өткен тақырыптарды жүйелі қайталау және академиялық қарыздардың алдын алу шаралары бар. Мұндай дағдылар студенттердің оқу нәтижелерін жақсартуға ғана емес, болашақ кәсіби қызметіне қажетті тәртіп пен жауапкершілікті дамытуға да ықпал етеді.

GPA көрсеткіштерін түсіндіруге арналған семинар студенттердің академиялық бағалау жүйесі туралы білімін кеңейтіп, оқу үлгеріміне деген жауапкершілігін арттыруға бағытталды. Өзінің академиялық көрсеткішін түсінетін және оны жақсартуға ұмтылатын студент оқу үдерісіне белсенді қатысып, алдына нақты мақсаттар қоя алады. Сондықтан GPA көрсеткішін дұрыс түсіндіру – студенттердің академиялық жетістігін қолдаудың, білім сапасын арттырудың және саналы, жауапты маман қалыптастырудың маңызды қадамы.

Роза РЫСҚАЛИЕВА,
Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті

Творческий конкурс

«Моя Родина – Казахстан!»



В преддверии Дня Республики Казахстан на военной кафедре КазНУ имени аль-Фараби состоялся творческий конкурс «Моя Родина — Казахстан!» среди детей и внуков сотрудников.

Главная цель конкурса — воспитание патриотизма у подрастающего поколения, уважения к истории и культуре Казахстана, а также поддержка детских талантов и творческих способностей. Юные участники представили свои работы в трёх номинациях: «Лучший видеоролик», «Моя Родина в рисунках» и «Умелые руки». В своих творческих работах ребята выразили любовь к Родине, показали красоту родного края, богатство национальных традиций и своё видение будущего Казахстана.

В номинации «Лучший видеоролик» принял участие Ильяс Намазов — сын старшего преподавателя, подполковника запаса Намазова. Окончив Колледж архитектуры, дизайна и инженерии, Ильяс продолжил свой трудовой путь в цехе «Күй ғұмыр», где изготавливают казахский национальный музыкальный инструмент — домбру. Его участие отражает уважение к национальному наследию и стремление сохранять культурные традиции нашего народа. В номинации «Моя Родина в рисунках» свои таланты продемонстрировали внуки начальника цикла, полковника в отставке Ельмухамбетова Бексултан Естемес, Әмір Аманғали и Айсана Естемес. Также свои рисунки представили Арина Горобец, внучка старшего преподавателя, полковника в отставке Горобец, Алиша Мукаева, внучка начальника отдела Бейсетбаевой, Раяна Бауыржан, внучка заместителя начальника отдела Бейсебаевой и Данелия Магазова, внучка заведующего мастерской Кусайынова.

За активное участие в конкурсе признания удостоились Денис Волощук — сын старшего преподавателя, подполковника запаса Волощук; Акежан Джумабаев — внук начальника отдела Бейсетбаевой; Диана Магазова — внучка заведующего мастерской Кусайынова. Особую теплоту конкурсу подарила самая юная художница — Ала я Соколова, внучка начальника отдела Такиянова. В номинации «Умелые руки» за оригинальность, мастерство и творческий подход отличились Тимур Мещереко в — сын начальника отдела Зиядановой и Арсен Мукаев — внук начальника отдела Бейсетбаевой.

Каждая работа стала отражением детской фантазии, искренних чувств, старания и любви к своей Родине. За каждым творческим достижением стоят поддержка семьи, забота родителей и желание помочь детям раскрыть свои способности. Пусть конкурс «Моя Родина — Казахстан!» станет доброй традицией, объединяющей семьи, укрепляющей связь поколений и вдохновляющей детей на новые достижения!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Новые горизонты

для студентов КазНУ



Студенты Казахского национального университета имени аль-Фараби получают возможность участвовать в астрономических исследованиях уже на уровне бакалавриата. Эта работа развивается благодаря сотрудничеству университета, научно-исследовательского центра «Data Science in Astrophysics» под научным руководством Хохлова С.А. и Астрофизического института имени В.Г.Фесенкова.

Один из ключевых элементов подготовки - участие в реальных наблюдениях. Студенты могут дистанционно подключаться к телескопам обсерватории Ассы-Тургень, а во время практики - находиться на обсерватории и работать с оборудованием очно. Команда также имеет возможность дистанционного подключения к телескопу Three College Observatory (TCO) в США. Важное условие такой работы стабильный интернет на обсерватории. Надёжная связь позволяет участвовать в наблюдениях удалённо, контролировать получение данных и поддерживать взаимодействие между участниками команды. Благодаря этому расстояние между университетской аудиторией и телескопом перестаёт быть препятствием для практического обучения.

При этом работа на телескопе требует серьёзной подготовки. Необходимо выбрать объекты, оценить условия наблюдений, разобраться в настройках оборудования и следить за качеством получаемых изображений и спектров. Погода, состояние атмосферы и особенности приборов влияют на результат, поэтому каждое наблюдение требует внимания и осмысленных решений. Именно этот опыт помогает студентам понять, как устроены телескопы и как появляются научные данные. Они учатся замечать ошибки, выполнять калибровку, обрабатывать наблюдения и оценивать достоверность измерений. Формулы и методы, изученные на занятиях, приобретают конкретный смысл, когда от их применения зависит результат собственной работы.

Полученные наблюдения становятся основой исследовательских проектов. Под руководством команды студенты проходят весь путь: от постановки научной задачи и планирования наблюдений до анализа результатов и подготовки статьи. Такой формат позволяет уже в бакалавриате вносить вклад в исследования и становиться соавторами публикаций в ведущих международных научных журналах, включая The Astrophysical Journal, MNRAS и др.

Совместная работа университета, исследовательского центра и астрофизического института создаёт среду, в которой обучение связано с действующей наукой. Студенты получают возможность освоить исследовательскую профессию изнутри - с её техническими сложностями, ответственностью за результат и радостью первых самостоятельных выводов.

Серик ХОХЛОВ,
ассоц. профессор (доцент), профессор кафедры электроники и астрофизики физико-технического факультета

В Евразийском национальном университете им. Л.Н.Гумилева состоялся XXII Международный Евразийский научный форум «Евразийское пространство: диалог цивилизаций и новые парадигмы». Мероприятие объединило ученых, историков и представителей высшей школы из Казахстана и зарубежных стран для обсуждения вопросов изучения евразийского пространства, историко-культурного наследия и современных цивилизационных процессов.

Научный диалог

в пространстве Евразии



В работе форума приняли участие представители научного сообщества из Турции, Монголии, Бурятии, Беларуси, Украины, России и других регионов, профессора и преподаватели казахстанских вузов, докторанты и магистранты. С докладами выступили представители научных и архивных учреждений Казахстана, профессора и преподаватели вузов, а также зарубежные исследователи из Монголии, России, Башкортостана и Турции, представившие результаты исследований исторических и современных процессов в Евразии.

Программа форума началась с возложения цветов к памятнику Л.Н. Гумилеву и посещения музея-кабинета ученого. Открывая форум, ректор ЕНУ, академик Национальной академии наук Республики Казахстан Ерлан Сыдыков подчеркнул значимость научного диалога и отметил, что форум станет площадкой для обмена исследовательским опытом, обсуждения новых идей и развития методологических подходов к изучению евразийского пространства. В пленарном заседании также принял участие депутат Курултая, академик НАН РК Дихан Камзабекұлы. Модератором выступил проректор по науке и коммерциализации ЕНУ Нурбек Сапарходжаев.

Участники рассмотрели вопросы теории и методологии изучения цивилизационных процессов в Центральной Азии и Евразии, исторического развития региона и сохранения культурного наследия. В центре дискуссий находились мир Турана, кочевая цивилизация, историко-культурная преемственность тюркской цивилизации, глобальная геополитика, международные отношения и интеграционные процессы. Отдельное внимание было уделено цифровой трансформации науки и образования, а также перспективам развития общества в эпоху искусственного интеллекта. Участники подчеркнули важность междисциплинарного научного диалога, сохранения исторической памяти и дальнейшего изучения цивилизационного наследия Евразии в условиях глобальных изменений.

Работа форума продолжилась на секционных заседаниях, где участники углубленно рассмотрели вопросы, обозначенные в пленарных докладах. По итогам обсуждений была принята резолюция, отражающая основные положения и результаты работы форума. Организатором мероприятия выступила кафедра истории Казахстана исторического факультета Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева под руководством К.О. Сейтказиной.

Проведение форума стало важным вкладом в развитие научного диалога, укрепление образовательного потенциала и сохранение историко-культурного наследия Евразии. Обсуждение актуальных исследовательских подходов, цифровой трансформации науки и образования соответствует задачам ЦУР 4 «Качественное образование», направленной на обеспечение доступного и качественного образования и поддержку возможностей обучения на протяжении всей жизни. Экологическая инициатива «Подари земле сад!» подчеркнула значимость ответственного отношения к окружающей среде и формирования экологической культуры. В более широком контексте устойчивого развития она созвучна принципам бережного использования природных ресурсов, отраженным в ЦУР 6 «Чистая вода и санитария». Таким образом, форум объединил научное осмысление исторического наследия, развитие образования и инициативы, направленные на формирование устойчивого будущего.

Сауле УДЕРБАЕВА,
к.и.н., ассоц. профессор, и.о. профессора кафедры истории Казахстана

Фарабидің философиялық мұрасын зерттеуші

Адам өміріндегі жетістіктің өлшемі – артында қалдырған ғылыми мұрасы, шәкірттеріне берген тағылымы және қоғам игілігіне арнаған еңбегі. Философия ғылымының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің доценті Лесхан Асқардың өмір жолы – ғылымға адалдық пен ұстаздыққа жауапкершіліктің жарқын үлгісі.



Лесхан Әмірханұлы 1956 жылы 15 қарашада Оңтүстік Қазақстан өңірінде, қазіргі Түркістан облысында дүниеге келген. Білімге деген құштарлығы оны 1978 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия және экономика факультетіне алып келіп, 1983 жылы философия мамандығы бойынша жоғары білім алды. Еңбек жолын 1983 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтында оқытушылық қызметтен бастаған жас маман кәсіби білімін жетілдіру мақсатында 1987-90 жылдары М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында білімін жалғастырды. Ғылыми ізденісінің нәтижесінде «Ұлтаралық қатынастардағы идеологиялық үдерістерді реттеу мәселелері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, философия ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

1992 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қызмет етіп келе жатқан Лесхан Әмірханұлының өмірі мен шығармашылығы осы білім ордасының ғылыми және рухани тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты. Осы жылдар ішінде ол философия ғылымының түрлі бағыттары бойынша зерттеулер жүргізіп, логика, түркі мәдениеті мен философиясы, қазақ философиясы, әл-Фараби мұрасы, ғылым тарихы мен философиясы және сыни ойлау мәселелерін ғылыми ізденістерінің негізгі арқауына айналдырды. Ғалымның ғылыми еңбектерінің саны 200-ден асады. Олардың қатарында ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары бар.

Лесхан Әмірханұлының ғылыми шығармашылығында ерекше орын алатын бағыттардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеу. Ғалым ұлы ойшылдың логикалық іліміне, таным теориясына және философиялық трактаттарына терең талдау жасай отырып, оның әлемдік философия тарихындағы орнын айқындауға үлес қосып келеді. 2014 жылы жарық көрген «Логика как феномен культуры мышления в контексте истории философии» атты монографиясында логика ғылымының тарихи даму жолын саралап, антикалық, батыстық және шығыстық ойлау дәстүрлерін салыстырмалы тұрғыдан қарастырады. Әсіресе әл-Кинди, әл-Фараби және Ибн Сина логикасының ерекшеліктерін талдауы еңбектің ғылыми маңызын арттыра түседі.

Ғалымның 2015 жылы Б.М.Аташпен бірлесіп жарияланған «Өрісті логика» монографиясы да ойлау мәдениеті мен логикалық таным мәселелеріне арналған құнды зерттеулердің бірі. Ал 2019 жылы жарық көрген «Фарабитану» оқу құралында әл-Фарабидің таным теориясы мен логикалық мұрасы жөніндегі ғылыми тұжырымдарын ортақ авторлық ізденіс аясында ұсынды. Сонымен қатар ғалымның халықаралық ғылыми конференциялар мен жинақтарда жарияланған «Философско-логическое учение аль-Фараби», «Искусство логики в фалсафе аль-Фараби», «Наука логика в понимании Абу Насыр аль-Фараби» секілді еңбектері фарабитану саласына қосқан үлесін айғақтайды.

Лесхан Әмірханұлы үшін ғалымдық қызмет тек зерттеу мен ғылыми жарияланымдармен шектелмейді. Ол – жас ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін арттыруды өмірлік ұстанымына айналдырған ұстаз. 1992 жылы университет қабырғасында студенттердің білімін тереңдетіп, ойлау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Кіші Фараби» академиясын құрып, содан бері оның жұмысына жетекшілік етіп келеді. Ширек ғасырдан астам тарихы бар бұл академия университет жастарының ғана емес, қала мен республика көлеміндегі қоғамдық-танымдық ұйымдардың да басын қосқан маңызды рухани алаңға айналды.

Академия аясында елімізге танымал ғалымдармен, қоғам қайраткерлерімен, мәдениет және өнер өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылып, жастардың дүниетанымын кеңейтуге бағытталған пікірталастар мен тағылымдық сұхбаттар өткізілді. Халифа Алтай, Әбсаттар қажы Дербісәлі, Мұхтар Шаханов, Асылы Осман, Зейнеп Ахметова, Қазыбек Иса, Дос Көшім сынды көрнекті тұлғалармен өткен кездесулер академия жұмысының мазмұндық байлығын танытады. Сондай-ақ фарабитану ғылымының көрнекті өкілдері, профессор А.Қасымжанов пен ғалым А.Көбесовпен ұйымдастырылған кездесулер жас зерттеушілердің ғылыми дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен маңызды шаралардың қатарында.

Лесхан Әмірханұлының ғылыми және қоғамдық қызметіндегі басты ерекшелік – әл-Фараби мұрасын тек зерттеу нысаны ретінде қарастырмай, оны жас ұрпақтың рухани және интеллектуалдық тәрбиесінің негізіне айналдыруында. Бұл – ғұлама мұрасын бүгінгі заманмен сабақтастыра отырып, ұлттық философиялық ойдың дамуына қызмет етудің өнегелі жолы.

Лесхан Әмірханұлы Асқардың өмір жолы – тынымсыз ізденістің, ғылымға адалдықтың, шәкірт тәрбиелеуге деген жанашырлықтың жолы. Оның ғылыми еңбектері мен «Кіші Фараби» академиясы аясындағы қызметі кейінгі буын үшін құнды мұра болып қала бермек.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Философия кафедрасының доцент міндетін атқарушы

Жаһандық ғылым трансформациясы

Халықаралық ғылыми ынтымақтастық ондаған жыл бойы әлемдік ғылымның дамуына серпін беріп келе жатқан негізгі қозғаушы күштердің бірі саналады. Бірлескен зерттеулер жүргізу, ғылыми деректермен алмасу және бірегей зерттеу инфрақұрылымына қол жеткізу ғылыми прогресті жеделдетуге, жарияланымдардың дәйексөз алу көрсеткішін арттыруға және жаһандық зерттеу желілерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.





Жоғары білім беру жүйесінің жаһандық кеңістікке ықпалдасуы отандық жоғары оқу орындарының алдына жаңа әрі маңызды міндеттер қойып отыр. Солардың бірі – білім беру бағдарламалары мен ғылыми нәтижелердің халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Бұл міндет университеттердің халықаралық ынтымақтастығының бағыттары мен ауқымын кеңейтуді талап етеді. Атап айтқанда шетелдік ғылыми және білім беру ұйымдары, сондай-ақ бизнес-қоғамдастықпен әріптестікті нығайту, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттердің өзара тиімді академиялық ұтқырлығына жағдай жасау, бірлескен білім беру жобаларын іске асыру және жоғары оқу орындарын әлемдік ғылыми-технологиялық кеңістікке кіріктіру маңызды.

Халықаралық байланыстарды кеңейту мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Г.Ерғазиеваның бастамасымен Қытайдың Тайюань технологиялық университеті өкілдерімен ғылыми кездесу өтті. Кездесуге профессор Руи Ли, қауымдастырылған профессор Хуан Мин Дин және доктор Жан Ю Пин қатысты. Ғылыми басқосу Жану проблемалары институтының Каталитикалық процестер зертханасында ұйымдастырылды. Іс-шараға кафедра оқытушылары М.Мәмбетова мен Н.Макаева да қатысты.

Кездесу барысында қатысушылар өздерінің ғылыми бағыттары мен зерттеу нәтижелерін таныстырып, катализ және көмірсутектерді өңдеу салаларындағы ортақ ғылыми мүдделерді талқылады. Халықаралық әріптестікті нығайту, ынтымақтастық туралы меморандум дайындау және оған қол қою, бірлескен зерттеулер жүргізу, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай ғалымдарының қатысуымен ғылыми жобалар әзірлеу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар ғылыми тәжірибе алмасу, академиялық ұтқырлықты дамыту және жас зерттеушілердің біліктілігін арттыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Кездесу Қазақстан мен Қытай ғалымдары арасындағы ғылыми әріптестікті дамытудың, тәжірибе алмасудың және бірлескен зерттеулер жүргізудің келешегін талқылауға мүмкіндік берді. Халықаралық ғылыми байланыстарды нығайтуға бағытталған бұл іс-шара Тұрақты даму мақсаттарының 17-ші бағыты – «Тұрақты даму жолындағы әріптестік» аясында өтті.

Аталған кездесу ұзақ мерзімді ғылыми ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып, зерттеу нәтижелерін заманауи технологиялар мен білім беру саласында практикалық тұрғыдан қолдануға ықпал етеді деп болжануда. Мұндай бастамалар университеттің халықаралық ғылыми байланыстарын кеңейтіп, бірлескен жобаларды дамытуға және жас ғалымдардың кәсіби әлеуетін арттыруға негіз болады.

Сәуле НАРЕНОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымының кандидаты

Өз құқығыңды білу – қауіпсіздік кепілі



Филология факультетінде Алматы қаласы Түрксіб ауданы полиция басқармасының аға анықтаушысы, полиция подполковнигі Ғажайып Абданбаеваның қатысуымен Шетел тілі және аударма ісі кафедрасы «Адалдық пен әділдік: жас ұрпақтың таңдауы» тақырыбында ұйымдастырған іс-шараға 2-курс студенттері мен докторанттар қатысты.



Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдағы адалдық пен әділдік құндылығын насихаттау. Кездесу барысында ҚР заңнамасына енгізілген өзгерістер, елімізде белең алып отырған құқықтық және әлеуметтік мәселелер мен олардың себептері мен салдары, әсіресе сталкинг, алаяқтық оқиғалар туралы мәселелер талқыланды. Сонымен қатар әлеуметтік желіде жалған ақпарат таратудың салдары мен жауапкершілігі, жалпы интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік, студенттердің жеке құқығы мен міндеттері және түрлі жаңа алаяқтық схемалардан қорғану жолдары айтылды.

Ғажайып Алайдарқызы жастарға күнделікті өмірде заң талаптарын білудің маңызы, күмәнді ұсыныстарға сеніп қалмау, жеке деректерді қорғау, әлеуметтік желідегі заңнамалық құқық туралы пайдалы кеңестер берді. Заң өкілі өз кезегінде «Қазіргі кезде заңнама актілері, түрлі кодекстермен танысу әр азамат үшін қажет. Кез келген құқық бұзушылық оқиға орын алған жағдайда шешім қабылдамас бұрын, полиция өкілдігіне хабарласу маңызды. Өз құқығыңды білу – өз қауіпсіздігіңнің кепілі» деп ескертті. Әсіресе жастар арасында орын алып жатқан бұзақылық, сталкинг, жаман әдеттерге бой алдыру олардың болашақ өміріне теріс әсерін тигізеді. Мұндай жағдай заң органы тарапынан тіркеліп, жастардың болашақ кәсіби өсуіне кедергі жасайтыны ескертілді.

Құқық қорғау саласында көп жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан Ғажайып Абданбаева кәсіби маман ретінде өзінің тәжірибесінен көптеген мысал келтіріп, өз құқығын білмеудің зардабы туралы нақты деректермен бөлісті. Кездесу ашық диалог форматында өтіп, студенттер мен оқытушылар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, маманмен пікір алысты.

Факультетте ұйымдастырылған кездесу барысында құқық бұзушылық фактілерінен келтірілген мысалдар мен алдын алуға берілген мазмұнды кеңес жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, адалдық пен әділдікті өмірлік ұстаным ретінде қалыптастыруға жол ашады.

Гүлнар БЕККОЖАНОВА,
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Республика күніне арналған «Атамекенге қош келдіңіз!» атты мерекелік кеш өтті. Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы ұйымдастырған шара елдік құндылықтарды дәріптеп, жастардың атамекенге деген сүйіспеншілігін арттыруды көздеді. Шараның өтуіне факультет деканы А.Бектанов, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі Г.Тілеужанова және куратор-эдвайзерлер ұжымы ұйытқы болды.

«Атамекенге қош келдіңіз!»



Кешті факультет деканы Алмас Бектанов құттықтау сөзбен ашты. Білім мен тәрбиені ұштастырған басқосу жастарға ұлттық мұраны құрметтеудің, бірлік пен бауырмалдықты нығайтудың маңызын ұғындырды.

Мерекелік шараға Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қаласы филиалының басшысы, ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Мұратқан Шоқанның қатысуы жиынның рухани мазмұнын толықтыра түсті.

Мерекелік бағдарлама ән мен күйге, туған жерді ардақтаған жырларға ұласты. Факультет тыңдаушылары орындаған күйлер көрерменге ұлттық өнердің шуағын сыйлады. Еділбек Ерғали, Аймерей Танат және Амантай Әлидің орындауындағы «Көзіңнің мөлдірін-ай» әні көпшіліктің көңілінен шықты.

Филология факультетінің жас ақындары арнау өлеңдерін оқып, Фариза Оңғарсынованың «О, туған жер!» және Күләш Ахметованың «Туған жерде толғану» шығармаларын ұсынды. Атамекенге деген ыстық ықыласты жеткізген өлең-жыр кеш мазмұнымен үндесіп, екі факультет жастарының шығармашылық байланысын нығайтты.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1-курс студенті Самғар Қаби халық әні «Гүлдариғаны» орындап, көрерменге қазақтың дәстүрлі ән өнерінің әсемдігін сезіндірді.

Факультет тыңдаушысы Аймерей Танат пен кафедра оқытушысы Нұрасыл Зиядабек шырқаған «Атамекен» әні кештің әсерлі сәттерінің біріне айналды.

«Атамекенге қош келдіңіз!» кеші білім іздеп келген жастарды ортақ рухани құндылықтар төңірегінде тоғыстырды. Ән мен күй, жыр мен өнегелі жүздесу жарасқан басқосу Республика күнінің елдік мәнін айшықтап, жастардың туған жерге деген құрметін тереңдете түсті.

Марат ӘМІРҚАНОВ,
Нұрлыхан МӘЖИҚЫЗЫ,
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

Тазалық жұмыстарына атсалысты

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында ауқымды сенбілік өтті. Шара «Жасыл химия» (Green Chemistry) тұжырымдамасын насихаттау және студенттердің экологиялық мәдениетін көтеру мақсатында ұйымдастырылды. Экологиялық бастамаға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің «Тағамдық химия және технология» мамандығында білім алып жатқан 1-ші және 2-курс студенттері атсалысып, Ботаникалық бақ аймағында тазалық жұмыстарын жүргізді.



Бұл шара тек аймақты тазалаумен шектелмей, студенттерге сабақтан тыс тәрбие берудің, олардың арасында экологиялық жауапкершілік пен эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың айқын үлгісі болды. Табиғат аясындағы еңбек студенттердің ауызбіршілігін арттырып, қоршаған ортаға деген ұқыпты көзқарасты қалыптастыруға жол ашты. Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне және студенттерді бағыттауға Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының оқытушылары ұйытқы болды. Мұндай іс-шаралар болашақ химия және химиялық технология мамандарының бойында «Жасыл химия-тұрақты дамудың негізін» ойлау салтын орнықтыруға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын ұғындыруға ықпал етеді. Бас ботаникалық саябақтың ерекше биоалуантүрлілігін сақтауға атсалысқан студенттер өндірістік қауіпсіздік пен табиғатты қорғаудың алғашқы дағдыларын ашық аспан астында тәжірибеден өткізді. Мұндай ұжымдық еңбек әртүрлі курс білім алушылары арасындағы сабақтастықты нығайтып, кафедра ішіндегі кәсіби қоғамдастықтың бірлігін арттыра түсті.

Бақыт ТҮСІПОВА,
х.ғ.к., доцент
Жадыра ТӘТТІБАЕВА,
PhD

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №2521

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.